

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 шілдедегі № 471 қаулысы.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 13-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"

7	COVID-19 коронавирусына қарсы күрес шеңберіндегі эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған жұмыскерлерге	1-тәуекел тобы – 20 ЕТЖМ мөлшерінде, 2-тәуекел тобы – 10 ЕТЖМ, 3-тәуекел тобы – 5 ЕТЖМ.	Үстемеақы белгілеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды
---	--	---	---

";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

ЕТЖМ – заңнамада белгіленген ең төменгі айлық жалақы мөлшері."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қарым-қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин